

**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
МОРФОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**


СӨЖ

Тақырыбы: Дамудың қатерлі кезеңдері

**Дайындаған : Тотық Қ 2011 топ
Қабылдаған : Кушербаев С.А**

Қарағанды 2017 ж.

Адам эмбриогенезі: Сүтқоректілердің құрсақта дамуы бірнеше күннен бірнеше айға





Адамның эмбрионалдық дамуы өте күрделі, оны тек басқа жануарлармен салыстыра түсінуге болады. Өйткені, адам ұрығының дамуы оның алдындағы жануарлардың ұзақ мерзімді даму кезеңдерінде пайда болған онтогенездегі өзгерістермен байланысты.

Адам ұрығының құрсақта
даму кезеңі орта есеппен 280
тәулікке (10 айға) созылады.






Адамның дамуы негізгі 3 кезеңнен тұрады:


- Бірінші немесе бастапқы кезеңі (1-апта)
- Екінші немесе ұрықтық кезеңі (2-8 апта аралығы)
- Үшінші немесе нәрестелік (9 аптадан туу мерзіміне дейін)



Эмбриогенездің
ұрықтық кезеңінің
соңында ұрықтың
денесінде тіндер мен
мүшелердің
бастамалары пайда
болады да оның
адамға тән белгілері
білінеді.

Бұл кезде адамның ұрығының ұзындығы 40 мм массасы 5 г болады.





Дамудың қатерлі кезеңдері

Дамудың қатерлі кезеңдері деп ұрықтың қоршаған ортаның әртүрлі зиянды факторларына өте сезімтал кезеңдерін айтамыз.




Бұл кезеңдерде зиянды факторлар әсерінен онтогенездің қалыпты жүруі бұзылып, ұрық не өліп қалады, не міндетті түрде әр түрлі ақаулықтар қалыптасады. Дамудың қатерлі кезеңдері терминін 1897 жылы Браун енгізген.



Дамудың қатерлі
кезеңдерінде:

- Ұрықта метаболизм,
тыныс алу
құбылыстары
күшейеді,
- РНҚ қасиеттері,
иммундық мәртебесі
өзгереді;
- Өсу қарқыны
төмендейді




Адам эмбриогенезінің 3
қауіпті кезеңдерін
ажыратады:

-имплантация –эмбрионның
жатырдың кілегей қабатына
енуі (ұрықтанғаннан кейін 6-7
тәулік)

-плацентация – плацентаның
түзілуі (ұрықтанғаннан кейін
14-15 тәулік)

-туылуы (39-40 апталар)




Гаметопатиялар – бұл
ұрықатнуға дейінгі
гаметалардағы
патологиялық өзгерістер.
Бұл өзгерістер
спонтанды түсікке және
тұқым қуалайтын
ауруларға әкеледі.



Бластопатиялар – ұрықтанудан кейін алғашқы екінші аптадағы зиготаның зақымдалуы. Бір қатар жағдайларда осы кезеңдегі ұрықтарда келесі бластопатиялар деп аталатын патологиялық өзгерістер кездеседі:

- симметриялық немесе ассиметриялық егіздер ақаулығы
- сиреномиелия және циклопия.

Жатырдан тыс жүктілік



Эмбриооптия – ұрықтың жатыр қабырғасына бекітілгеннен плацентаның түзілуіне дейінгі уақыт аралығында ұрықтың зақымдалуы. Плацентаның бұзылуы шетінеуге дейін алып келеді, эмбрионның дамуы тежеледі, оның тіршілікке қабілеті



Фетопатиялар – нәрестенің жатырішілік дамудың 76 күнінен немесе 12-ші аптасынан бастап туылуына дейінгі аурулардың жалпы атауы. (алкогольдік фетопатия, диабеттік фетопатия және т.б.) фетопатиялар гипоплазия, дисплазия, микроцефалия, гидроцефалия түрінде көрініс



Туа біткен даму
ақаулықтары – деп бірден
анықталған немесе
туылуға дейін пайда
болып туылудан кейін
анықталған, мүше немесе
бүкіл ағзаның тұрақты
морфологиялық
өзгерістерін айтамыз.



Даму аномалиялары
– әдетте
қызметтерінің
бұзылуы болмайды.
ТБА-ы зерттейтін
ғылымды
тератология деп
атайды.



ТБДА жіктелуі этиология бойынша:


- 1) Тұқымқуалаушы
- 2) Экзогенді
- 3) Мультифакторлы деп бөлінеді.

Тұқымқуалайтын ТБДА мутация нәтижесінде пайда болады, олар ата-анасының біреуінің немесе екеуінен де берілуі мүмкін



Экзогенді ақаулықтар ұрықтың не құрсақтағы баланың тератогендік факторлармен тікелей зақымдануы нәтижесінде қалыптасады, яғни эмбриональдық кезеңде тератогенді факторлардың органогенезге әсерінің салдары болып табылады.

Иондаушы радиацияның, дәрілік заттардың, зиянды тұрмыстық әдеттердің, дұрыс тамақтанбау, биологиялық факторлардың тератогендік әсері дәлелденген.



Мультифакторлық ТБДА тұқым қуалайтын және экзогенді факторлардың бірігуінің әсерінен пайда болады, осы факторлардың жекк біреуі ақаулықтың себебі болмайды. Жалпы ақаулықтардың 20-30% тұқым қуалайтын ақаулықтар, 2-5% экзогенді, 30-40% - мультифакторлы, 25-50% - себебі әлсіз ақаулықтар құрайды.



Эмбрион дамуындағы қауіпті кезеңдердің маңызы сол, сипаты бойынша іртүрлі патогендік факторлар бірдей патологиялық өзгерістер тудыруы мүмкін. Бұл олардың әсерінің уақытына байланысты болады.


Қорытынды

- Қорыта келгенде, адам дамуының пренатальді және постнатальді кезеңдері маңызды кезеңдері болып табылады. Сондықтан бұл сатыларда да қауіпті кезеңдер болады. Әсіресе пренатальді кезеңі, яғни ұрықтың дамуында сезімтал кезеңдері. Осындай қауіпті кезеңдерден өту үшін эмбриология саласы әртүрлі зерттеулер жүргізуде



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Цитология, эмбриология және гистология. Аяпова Ж. О. Алматы 2007 ж. 288 бет
2. Жалпы гистология негіздері. Қ.А. Сапаров. Алматы Санат, 1994 ж.
3. Гистология дәрістер жинағы Ж.О. Аяпова. Алматы 2002 ж.
4. Гистология Ю.И. Афанасьев, Н.А. Юрин, М. 1999 ж.
5. Эмбриология негіздері. Т.Ж. Умбетов. Т.Ж. Бірімов Ақтөбе 1996 ж.



**Назарларыңызға
а рахмет!!!**